



ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-4535KV

kVue™ BoS™ ендіrmесі

RT-4535KV01

kVue™ BoS™ 121 см ендіrmесі


RT-4535KV02

Virtual Indexing жоқ kVue™ BoS™ ендіrmесі

RT-4535KV03

kVue™ BoS™ үстел бетінің ендіrmесі

kVue™ үстел бетіне арналған





<table border="1"><tr><td data-bbox="285 806 370 848">EC</td><td data-bbox="370 806 464 848">REP</td></tr></table> Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta	EC	REP	 АҚШ-та жасаған өндіруші: Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 610-268-0585 www.Qfix.com
EC	REP		

kVue, BoS және OneTouch – Qfix компаниясының сауда белгілері.

Cidex® – Johnson & Johnson компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Clorox® – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ	4
ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР	4
НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ	4
ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ	5
ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ	6
ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ	7
ОРНАТУ	7
ШЫҒАРЫП АЛУ	11
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	12
ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ	12
ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ	12
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	13
БАПТАУ ПАРАҒЫ	14

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

! ЕСКЕРТУ ! БҰЛ ЖАБДЫҚҚА ЕШҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІНЕ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА СЕБЕП БОЛАТЫН ЖҮК ТҮССЕ, ОЛ ЗАҚЫМДАЛСА НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРМАСА, ОНЫ ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНБАЙ, +1 484-720-6054 НӨМІРІ НЕМЕСЕ TECHSUPPORT@QFIX.COM МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША QFIX КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

! ЕСКЕРТУ ! ONETOUCH – ДӘЛ ӨЛШЕУ МЕХАНИЗМІ ЖӘНЕ ТЕК МАҚҰЛДАНҒАН QFIX KVue ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫМЕН ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН. МАҚҰЛДАНБАҒАН, QFIX КОМПАНИЯСЫ РАСТАМАҒАН QFIX ШЫҒАРМАҒАН ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАУІПТІ БОЛУЫ МҮМКІН ЖӘНЕ ОЛАР ҚОЛДАНЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА КЕПІЛДІКТІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛАДЫ.

! ЕСКЕРТУ ! ПРОТОНМЕН ЕМДЕУ ОРТАСЫНДА ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ БАРЫСЫНДА ДОЗА ТЕРЕҢДІГІ, ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ АЙМАҚ ӘСЕРЛЕРІ БАҒАЛАНУЫ КЕРЕК.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің Құзыретті органына да хабарлаңыз.

НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ


Қайсысының салмағы аз болғанына қарай, үстел табанына түсірілетін 159 кг (350 фунт) біркелкі бөлінген жүктемеден немесе максимум жұмыс жүктемесінен асыруға БОЛМАЙДЫ.

! ЕСКЕРТПЕ ! Түпнұсқа жабдық өндірушісінің үстел табанымен біріктірілген кезде, номиналды жүктеме екі қауіпсіз жұмыс жүктемесінің төменгісі болады. kVue үстел бетіне түсетін жүктеме түпнұсқа үстел табаны өндірушісінің техникалық сипаттамасынан АСПАУЫ керек. Түпнұсқа жабдық өндірушісі берген өнім құжаттарын қараңыз.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.




НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ

Қайсысының салмағы аз болғанына қарай, үстел табанына түсірілетін 159 кг (350 фунт) біркелкі бөлінген жүктемеден немесе максимум жұмыс жүктемесінен асыруға **БОЛМАЙДЫ**.



НЕМЕСЕ



КVUE ЕНДІРМЕСІН ОРНАТУ ЖӘНЕ ШЫҒАРЫП АЛУ

! ЕСКЕРТУ ! ЕШ УАҚИТТА КVUE ЕНДІРМЕСІНІҢ ҰШЫНАН ҰСТАП КӨТЕРМЕҢІЗ.

Ұштастырғыш істіктер майысып немесе сынып, кVue ендіrmесін жарамсыз етуі мүмкін.

кVue ендіrmесін орнату және шығарып алу нұсқауларын кVue үстел бетін орнату нұсқаулығынан қараңыз.



НЕМЕСЕ

НЕМЕСЕ



«NO STEP» (БАСУҒА БОЛМАЙДЫ) СЫЗЫҒЫ (БАР БОЛСА)

кVue ендіrmесіндегі сары сызық тірек білеулерінің ұшын білдіреді. Сызық артындағы аймақ номиналды жүктемеден аспайтын емделушінің жоғарғы кеуде бөлігін немесе денесінің төменгі бөлігін демеу үшін жасалған және сыналған.

кVue ендіrmесіндегі «No Step» (Басуға болмайды) сызығынан кейінгі бөлігіне тұру немесе отыру салдарынан кVue ендіrmесі зақымдалуы немесе адам жарақаттануы мүмкін.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Бұл құрылғы сәулелік терапиядан өтіп жатқан пациенттерді қозғалтпай ұстауға, жайғастыруға және дене қалпын өзгертуге арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

МАҚСАТТЫ ЕМДЕЛУШІ ТОПТАРЫ

Рентгенотерапия немесе диагностикалық визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілер.

МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ОРНАТУ

KVUE ҮСТЕЛ БЕТІН ОРНАТУ

kVue үстел беті барлық үлкен радиотерапиялық емдеу жүйелеріне қолдануға арналған. Жылдам орнату тәсілі орнату кезіндегі сызықтық жылдамдатқыштың бос тұру уақытын барынша азайтады. Арнайы орнату ақпаратын kVue үстел бетін орнату нұсқаулығынан қараңыз.


! ЕСКЕРТПЕ ! kVue үстел бетін орнату нұсқаулығында толық берілгендей, kVue бетінің соңғы биіктігі бастапқы жүйедегіден өзгеше болуы мүмкін. Алғаш қолданар алдында жүйені нөлге (бастапқы күйге) қалпына келтіру үшін түпнұсқа жүйенің нұсқауларын қараңыз.

KVUE ЕНДІРМЕСІН ОРНАТУ

1. kVue ендіrmесін тірек білеулерінің үстіне қойыңыз да, екі ұштастырғыш істікті OneTouch™ ысырмасындағы қабылдау тесіктерімен туралаңыз.
2. kVue бас жақ ұшынан kVue ендіrmесін тікелей қабылдау тесіктеріне салыңыз.

kVue ендіrmесі орнына бекітілген кезде, «сырт» еткен дыбысты естисіз. Дұрыс орнатылғанда, ТЕК жасыл түйме беті көрінеді.

3. Кірістірме қабылдау тесіктерінен шығып кетпеуі үшін, оны OneTouch ысырмасынан артқа қарай ақырын тартып, толық бекітіліп тұрғанын тексеріңіз. Кірістірме орнатылып қойған болса да, емделуші деректерін орнату барысында осы қадамды қайталаңыз.




Стандартты ендіrmесі бар kVue


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

BoS™ 2.1 ІСТІГІН ШЫҒАРЫП АЛУ НҰСҚАУЛАРЫ

1. Шығарып алу үшін 1/8 дюймдік оймакілтекті бұрағышты пайдаланып, үстіңгі бұранданы бұрап алыңыз. (1-сурет).
2. Жалпақ басты атауызды пайдаланып, BoS 2.1 істігін жалпақ жақтарынан ұстап, шығарып алу үшін төмен қарай тартыңыз. (2-сурет).
3. 1 және 2-қадамдарды аяқтағаннан кейін, BoS™ 2.1 істігіне арналған орнату нұсқауларын орындаңыз.




1-сурет



2-сурет

BoS™ 2.1 ІСТІГІН ОРНАТУ НҰСҚАУЛАРЫ

Тесік арқылы бұранда басы ішкі бетте болатындай етіп (1) M3 PHS бөлшегін салыңыз. Бұранда басын саусақ ұшымен орнында ұстаңыз. (3-сурет).




3-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


BoS ІСТІГІН АУЫСТЫРУ

1. (1) BoS 2.1 істігін бұrandаның шығып тұрған ұшына бірнеше айналдырып бұраңыз. (4-сурет).




4-сурет

! ЕСКЕРТПЕ ! ҚАТАЙТЫП БҰРАМАҢЫЗ. Жинақтағы істік тесікте бос болуы керек. (5-сурет).



5-сурет


2. Жалпақ басты атауызды пайдаланып, BoS 2.1 істігін жалпақ жақтарынан ұстаңыз. (6-сурет).



6-сурет

3. Жинақты тесікпен ақырын туралаңыз және істік мойнын тесікке итеріңіз. (7-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Шамадан тыс күш салу немесе тураланбау салдарынан істік мойны зақымдалуы мүмкін, ал бұл істіктің дұрыс салынбауына себеп болады.



7-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

BOS ІСТІГІН АУЫСТЫРУ

4. Бұранданы $\frac{1}{8}$ дюймдік оймакілтекті бұрағышпен тірелгенше қатайтыңыз. (8-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Тым қатты тартпаңыз, себебі бұл ауыстыруды қиындатуы мүмкін.

5. Қалған тесіктермен осы әрекеттерді қайталаңыз.



8-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ШЫҒАРЫП АЛУ

ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙШАНЫ ШЫҒАРЫП АЛУ




Позициялық тақтайшаның кез келген ұшынан көтеріңіз.

КVUE ЕНДІРМЕСІН ШЫҒАРЫП АЛУ

! ЕСКЕРТУ ! ЕШ УАҚЫТТА КVUE ЕНДІРМЕСІНІҢ ҰШЫНАН ҰСТАП КӨТЕРМЕҢІЗ ! МЕХАНИЗМ ӨТЕ БЕРІК БОЛҒАНЫМЕН, ҰШТАСТЫРҒЫШ ІСТІКТЕР МАЙЫСЫП НЕМЕСЕ СЫНЫП, КVUE ЕНДІРМЕСІН ЖАРАМСЫЗ ЕТУІ МҮМКІН.

1. Иіктіректі сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
2. Бұрылған иіктіректі kVue ендіrmесі босағанша kVue ендіrmесін бір жағынан тартыңыз.
3. kVue ендіrmесін kVue құрылғысынан әрі қарай сырғытыңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Төмендегі суреттерде стандартты kVue үстел беті көрсетілген. kVue ендіrmесін шығарып алу әдісі kVue нұсқаларының барлығында бірдей.



ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ

Құрылғыны жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау немесе зарарсыздандыру ерітіндісімен тазалау керек. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз. kVue бетіне сұйықтықтар шашуға немесе құюға болмайды, себебі олар OneTouch™ ысырмасына немесе үстел табанындағы механизмдерге кіріп кетуі мүмкін. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз.

ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Төмендегі тазалау материалдарына сынақ жүргізіліп, kVue құрылғысы мен kVue ендіrmесі беттерін тазалауға жарамды деп танылды. kVue ендіrmесі бетін зарарсыздандыру үшін тазалағыш ерітінді өндірушісі ұсынған арнайы нұсқауларды қараңыз.

- Су
- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Изопропил спирті
- Cidex® 2,4% белсендірілген диальдегид ерітіндісі
- Сабын мен су

Тікелей kVue құрылғысына немесе kVue ендіrmесіне шашыратуға және негізгі жақтауға кіруіне жол беруге **БОЛМАЙДЫ**.

kVue құрылғысының немесе kVue ендіrmесінің үстіне өткір заттарды қоюға **БОЛМАЙДЫ**.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

ҰЗЫНДЫҒЫ (RT-4535KV): 1325 мм

ҰЗЫНДЫҒЫ (RT-4535KV01): 1215,5 мм

ҰЗЫНДЫҒЫ (RT-4535KV02 ЖӘНЕ RT-4535KV03): 1579 мм

АЛЮМИНИЙ БАЛАМАСЫ: 100 кВ шыңы болғанда ~0,5 мм

САЛМАҚ ШЕГІ: 159 кг (350 фунт) біркелкі бөлінген жүктеме

БАПТАУ ПАРАҒЫ

RT-4535KV–KVUE™ BOS™ ЕНДІРМЕСІ

RT-4535KV01–KVUE™ BOS™ 121 CM ЕНДІРМЕСІ

VIRTUAL INDEXING ЖОҚ RT-4535KV02–KVUE™ BOS™ ЕНДІРМЕСІ

RT-4535KV03–KVUE™ BOS™ ҮСТЕЛ БЕТІ ЕНДІРМЕСІ

Емделушінің аты-жөні:


Емделушінің идентификатор №:

Орнатушы:

Дәрігер:

Күні:

Түсініктемелер:



Бағыттағыштардың орнын жылжыту:

Қолданылған kVue BoS ендіrmесі (біреуін таңдаңыз): **RT-4535KV–kVue™ BoS™ ендіrmесі**

RT-4535KV01–kVue™ BoS™ 121 см ендіrmесі

Virtual Indexing жоқ RT-4535KV02–kVue™ BoS™ ендіrmесі

RT-4535KV03–kVue™ BoS™ үстел беті ендіrmесі

Ескертпелер:



440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

☎ +1 610.268.0585 / 800.526.5247

🖨 +1 610.268.0588 / 800.831.8174

✉ sales@Qfix.com

2001978_KK_1
2024-08